

## 1-БЛОК: Тарих (Қазақстан тарихы/Дүниежүзі тарихы)

### *Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

1. Жер беті бұдан ... жыл бұрын күрт суый бастады  
А) 150 мың  
В) 250 мың  
С) 10 мың  
D) 1 млн  
E) 100 мың
2. Қазақстанда қола дәуір ескерткіштерін жоспарлы зерттеу басталған жыл  
А) 1946 ж.  
В) 1945 ж.  
С) 1948 ж.  
D) 1964 ж.  
E) 1954 ж.
3. Үйсін атауының Қытай жазбаларында кездесе бастаған уақыты  
А) б.з.б. IV ғ.  
В) б.з.б. III ғ.  
С) б.з. II ғ.  
D) б.з.б. V ғ.  
E) б.з.б. II ғ.
4. «Ақ жалды жүйрік аттардың иелері» сөзінің латын тіліндегі атауы  
А) каспи  
В) аримаспы  
С) исседон  
D) савромат  
E) аргиппей
5. Парсы жазбаларындағы "сақ" сөзінің мағынасы  
А) Еркін адамдар  
В) Құдіретті еркектер  
С) Көшпелілер  
D) Азиялық скифтер  
E) Жүйрік атты турлар

6. Ежелгі заманда Сарыарқаның шығысында тұрды

- A) аргиппейлер
- B) каспилер
- C) дайлар
- D) исседондар
- E) аримаспылар

7. Шамамен X-XI ғасырларға жататын, күйдірілген кірпіштен шаршылап салынған кесене

- A) Алаша хан
- B) Көккесене
- C) Дәуітбек
- D) Бабаджа-қатын
- E) Айша-бیبі

8. Бұхараны араб қолбасшысы Кутейба ибн Муслим соғыссыз алған жыл

- A) 714 ж.
- B) 738 ж.
- C) 751 ж.
- D) 709 ж.
- E) 737 ж.

9. Найман, керей, жалайырлардың негізгі мекендері

- A) Монғолияның орта және батысында
- B) Орталық Қазақстан
- C) Батыс Қазақстан
- D) Шығыс Қазақстан
- E) Қытайдың солтүстігі мен шығысында

10. Қарахан мемлекетіндегі Шығыс хандықтың орталығы

- A) Сығанақ
- B) Янгикент
- C) Орда
- D) Үзкент
- E) Самарқан

11. XV ғасырдың соңында Шайбани ұрпағы мен Қазақ хандығы \_\_\_\_\_ үшін күресті

- A) Маңғыстау
- B) Балқаш маңы
- C) Сарыарқа
- D) Орта Азия
- E) Сырдария қалалары

12. Тәуекел хан 1598 жылы \_\_\_\_\_ баса көктеп кірді

- A) Батыс Сібірге
- B) Маңғыстауға
- C) Жетісуға
- D) Сарыарқаға
- E) Мәуераннахрға

13. Саид ханның Шығыс Түркістанға көшіп кетуі \_\_\_\_\_ ханның Жетісудағы билігін нығайтты

- A) Есім
- B) Тәуекел
- C) Тәуке
- D) Қасым
- E) Абылай

14. Атақты Орбұлақ шайқасына қатысқан арғынның батыры

- A) Көксерек
- B) Ағынтай
- C) Жиёмбет
- D) Сарпың
- E) Наурызбай

15. 1611 жылы Есім хан... басқарған бұхар әскерін жеңді

- A) Имамқұли
- B) Аллақұл
- C) Мұхаммед Шайбани
- D) Субханқұл
- E) Халид

16. Абылай хан кезіндегі феодалдық мемлекетті қалпына келтіруді мақсат еткен ұлт-азаттық қозғалыс басшысы

- A) Исатай Тайманұлы
- B) Амангелді Иманов
- C) Махамбет Өтемісұлы
- D) Сырым Датұлы
- E) Кенесары Қасымұлы

17. 1756 ж Абылай хан Қытай тарапынан жасалатын агрессияға жол бермеуіне мүмкіндік туғызатын қадам жасады

- A) Қытаймен дипломатиялық қатынас орната бастады
- B) Қазақ хандығының егемендігін жариялады
- C) Жоңғарлармен әскери одақ құрды
- D) Орта Азиямен әскери одақ құрды
- E) Ресеймен келісімге келді

18. 1868 жылы енгізілген «түтін салығының» Орынбор және Батыс-Сібір генерал-губернаторлығындағы қазақтар үшін мөлшері

- A) 2 сом 50 тиын
- B) 3 сом 75 тиын
- C) 3 сом 50 тиын
- D) 2 сом 75 тиын
- E) 3 сом

19. «Қырғыз» поэмасының авторы, поляк азаттық қозғалысы өкілдерінің бірі

- A) Г. Зелинский
- B) С. Гросс
- C) А. Бяловский
- D) Г. Фальк
- E) А. Янушкевич

20. Салықтың тек ақшалай түрі енгізілді

- A) 1921 ж. наурыз
- B) 1924 ж. қаңтар
- C) 1922 ж. қаңтар
- D) 1921 ж. қаңтар
- E) 1924 ж. наурыз

21. Ақмола қаласында XX ғасырдың басында құрылған ұйым

- A) «Жас арбакештер»
- B) «Талап»
- C) «Қазақ жастарының революцияшыл одағы»
- D) «Үш жүз»
- E) «Жас қазақ»

22. Азамат соғысы жылдары

- A) 1918-1920 жж.
- B) 1917-1918 жж.
- C) 1916-1917 жж.
- D) 1918-1919 жж.
- E) 1919-1922 жж.

23. Соғыс жылдары Қазақстанға көшіріліп әкелінген зауыт-фабрикалардың саны

- A) 200
- B) 120
- C) 220
- D) 320
- E) 300

24. Қостанай аймағын Қазақстан құрамына қосу қажеттігін жан-жақты дәлелдеген қазақ зиялылары

- A) Т.Рысқұлов, Н.Нұрмақов
- B) А.Бөкейханов, М.Жұмабаев
- C) С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов
- D) А.Байтұрсынов, М.Сералин
- E) М.Шоқай, М.Тынышбаев

25. «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» қабылданды

- A) 2003 ж
- B) 1999 ж
- C) 2000 ж
- D) 2002 ж
- E) 2004 ж

26. «Қазақстан -2030» стратегиясындағы басымдылықтың үшінші бағыты

- A) экономикалық өрлеу
- B) ұлттық қауіпсіздік
- C) кәсіпқой мемлекет
- D) энергетика
- E) ішкі саяси тұрақтылық

27. Жамбыл Жабаев жылы деп жарияланды

- A) 1996 жыл
- B) 1998 жыл
- C) 1999 жыл
- D) 2000 жыл
- E) 1997 жыл

28. Мұздықтың ери бастау уақыты

- A) бұдан 33 мың жыл бұрын
- B) бұдан 23 мың жыл бұрын
- C) бұдан 53 мың жыл бұрын
- D) бұдан 13 мың жыл бұрын
- E) бұдан 3 мың жыл бұрын

29. Б.з.б. 5-3 мыңжылдықтарды қамтыған дәуір

- A) мезолит
- B) ерте темір дәуірі
- C) палеолит
- D) энеолит
- E) неолит

30. «Азияның патшасы» атанған билеуші

- A) Ұлы Константин
- B) III. Дарий
- C) Юлий Цезарь
- D) Александр Македонский
- E) II Филипп

31. «Тарих» атты еңбектің авторы

- A) Геродот
- B) Эмпедокл
- C) Аристотель
- D) Гиппократ
- E) Демокрит

32. «Феод» сөзінің мағынасы

- A) шаруалардың жер үлесі
- B) сыйға берілген жер үлесі
- C) салық жинау правосы
- D) қолөнер шеберханасы
- E) шіркеу иеліктері

33. «Майордом» сөзінің латынша мағынасы

- A) жер иесі
- B) қолбасшы
- C) патша
- D) үйдің үлкені
- E) үйдің кішісі

34. Ресейде Романовтардың монархиялық билігі құлатылды

- A) 1917 ж. 27 ақпанда
- B) 1917 ж. 3 сәуірде
- C) 1917 ж. 25 қазанда
- D) 1918 ж. 13 қазанда
- E) 1918 ж. 3 қарашада

35. Б.з.б. 594 жылы архонт етіп сайланған Афины қайраткері

- A) Эсхил
- B) Демокрит
- C) Солон
- D) Клисфен
- E) Перикл

36. Нидерландының Испанияға бағынған уақыты

- A) 1550 ж.
- B) 1551 ж.
- C) 1555 ж.
- D) 1556 ж.
- E) 1553 ж.

37. Германиядағы реформация қозғалысын бастаған

- A) Томас Мор
- B) Ян Густ
- C) Галилео Галилей
- D) Николай Коперник
- E) Мартин Лютер

38. Ағылшындардың жергілікті үнділерден құрылған армиясы

- A) Янычарлар
- B) Сегундар
- C) Тайпиндер
- D) Рыцарьлар
- E) Сипайлар

39. 1899 жылы Африканы бөлісу туралы келісім жасаған мемлекеттер

- A) Италия мен Жапония
- B) Англия мен Франция
- C) Португалия мен Англия
- D) Ресей мен Испания
- E) Франция мен Германия

40. Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталған жыл

- A) 1914 ж
- B) 1916 ж
- C) 1915 ж
- D) 1918 ж
- E) 1917 ж

41. Қытайдағы тайпин көтерілісі болған кезең

- A) 1860-1874 жылдар
- B) 1820-1834 жылдар
- C) 1840-1854 жылдар
- D) 1850-1864 жылдар
- E) 1830-1844 жылдар

42. Алғаш христиан шіркеуін басқарған

- A) Монах
- B) Рим епископы
- C) Аббат
- D) Рим Папасы
- E) Патриарх

43. Ең мықты кеме жасаушылар

- A) финикиялықтар
- B) палестиналықтар
- C) хеттіктер
- D) египеттіктер
- E) ассириялықтар

44. Ежелгі Египет жазуында қолданылған иероглифтер саны

- A) 150
- B) 650
- C) 300
- D) 250
- E) 750

45. Төрттік одақ құрамына кірген мемлекеттер

- A) Германия, Жапония, Қытай, Түркия
- B) Болгария, Австро-Венгрия, Франция, Ресей
- C) Германия, Австро-Венгрия, Түркия, Болгария
- D) Франция, Англия, Ресей, АҚШ
- E) Англия, Германия, Ресей, Жапония

46. «Париж ана құдайы ғибадатханасы» мен «Күлекеш адам» атты романдардың авторы

- A) А.Данте
- B) В.Гюго
- C) Д.Рид
- D) Д.Аламбер
- E) В.Гете

47. Англия мен Қытай арасындағы екінші апиын соғысының жылдары

- A) 1856-1860 жылдар
- B) 1840-1842 жылдар
- C) 1862-1864 жылдар
- D) 1850-1854 жылдар
- E) 1830-1832 жылдар



48. -1933 жылдары дүниежүзілік экономикалық дағдарыс басталды

- A) АҚШ-та
- B) Германияда
- C) Англияда
- D) Францияда
- E) Италияда

49. Ежелгі грек жазушысы Эсхилдің ірі трагедиялық шығармаларының бірі

- A) «Антигона»
- B) «Құстар»
- C) «Бұғауланған Прометей»
- D) «Бұлт»
- E) «Сона»

50. Египет перғауындары жаулап алған елдер

- A) Карфаген, Алжир, Үндістан
- B) Вавилон, Қытай, Грекия
- C) Карфаген, Испания, Түркия
- D) Палестина, Нубия, Сирия
- E) Урарту, Армения, Қытай

*Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

51. Ерзен ханның кезінде Ақ Орданың қалалық мәдениеті дамып, мешіт, медреселер салынған қалалар:

- A) Сығанақ
- B) Жент
- C) Үзкент
- D) Түркістан
- E) Баршынкент
- F) Отырар
- G) Сауран
- H) Тараз

52. Ирбіт жәрмеңкесінің негізгі тауары:

- A) Зергерлік бұйымдар
- B) Астық
- C) Құл
- D) Мата
- E) Тұз
- F) Бағалы ішектер
- G) Мал

53. Қазақ жерінде төлқұжаттық тіркеу тәртібі енгізілді

- A) 1822 ж. реформалардан кейін
- B) 1824 ж. реформалардан кейін
- C) XIX ғ. 80-90 ж. реформалардан кейін
- D) 1867-1868 ж. реформалардан кейін
- E) 1844 ж. реформалардан кейін
- F) 1886 ж. ережеден кейін

54. 1905 жылы Успен кенішіндегі ереуілге шыққын жұмысшылардың талабы

- A) Алым-салық жүйесін жеңілдету
- B) Зейнетақыны арттыру
- C) Жалақыны көбейту
- D) Тегін орыс-қазақ мектептерін ашу
- E) Жыл сайын ақылы еңбек демалысын беру
- F) Тұрмыс жағдайды жақсарту
- G) Орыс-қазақ училищесін ашу
- H) Дәрігерлік қызметті тегін көрсету

55. XX ғасырдың 80- жылдарында Қазақстанда жергілікті халықтың үлесі басым болған облыс

- A) Алматы
- B) Қызылорда
- C) Торғай
- D) Ақмола
- E) Қарағанды
- F) Талдықорған
- G) Атырау

56. Франция республика болып жарияланды

- A) 1799 ж. 28 сәуір
- B) 1789 ж. 22 наурыз
- C) 1789 ж. 7 маусым
- D) 1792 ж. 22 қыркүйек
- E) 1792 ж. 20 сәуір
- F) 1789 ж. 9 мамыр

57. XX ғасырдың 60 жылдарында тәуелсіздік алған Африкадағы француз отары (-лары)

- A) Гвинея
- B) Нигер
- C) Чад
- D) Камерун
- E) Мали
- F) Мадагаскар
- G) Габон
- H) Сенегал

58. II дүниежүзілік соғыс болған кезең

- A) 1914 ж. 28 маусым – 1918 ж. 11 қараша
- B) 1941ж. 22 маусым – 1945 ж. 9 мамыр
- C) 1939 ж. 1 қыркүйек – 1945 ж. 2 қыркүйек
- D) 1914 ж. 28 шілде – 1918 ж. 11 қараша
- E) 1939 ж. 11 сәуір – 1945 ж. 2 қыркүйек
- F) 1939 ж. 17 қыркүйек – 1945 ж. 2 қыркүйек

59. Біріккен Ла-Плата провинциялары мемлекеті 1826 жылдан бастап аталды:

- A) Чили
- B) Мексика
- C) Боливия
- D) Аргентина
- E) Венесуэлла
- F) Бразилия

60. Үндістанда Р.Ганди үкіметі кезінде «Неру бағытына» енгізілген жаңалықтар

- A) Похран сынақ алаңында әскери атом сынақтары жүргізілді
- B) Авторитарлық режим орнады
- C) Үндістанда жаңа Конституция қабылданды
- D) Пенджаб пен Ассамдағы ереуілшілермен келісімдер жасалынды
- E) Ерікті нарықтық қатынастарға бетбұрыс басталды
- F) Экспортқа жарамды өнім шығаратын өндірістерді дамыту көзделді
- G) Шетел капиталына қосымша жеңілдіктер берілді
- H) Үндістан мен Пәкістан арасындағы шекаралық мәселелер шешімін тапты

## *Мәнмәтіндік тапсырмалар*

### *1-мәнмәтін*

#### *Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма*

Ежелгі Иранның бағзы заманында жазылған «Авеста» деп аталатын қасиетті кітабында «Вэсаканың ержүрек ұлдары ең биік, бәрінен жоғары тұрған Канха камалының алдында құрбандық берді» деп жазылыпты. Бұл ел Қытаймен және Үйсіндермен көршілес жатқан қаңлы елі туралы екен. Қытай елінің елшілерінің бірі: «Қаңлылар өркөкірек, өжет келеді. Бізге басын имейді. Орталық билік атынан келген өкілдерімізді үйсін елшілерінен төмен отырғызады. Олардың билеушілері мен ақсақалдарына тамақты алдымен береді, ал содан соң бізге таратады» деп баға берген екен. Қаңлылардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылығы:

61. Қаңлылардың астанасы:

- A) Битянь
- B) Чигу
- C) Битөбе
- D) Шірік рабат
- E) Арқайым

62. Қаңлылар бөлінген иеліктер саны:

- A) 24
- B) 20
- C) 3
- D) 2
- E) 5

63. Қаңлыларда қайтыс болған адамды киімімен жерлеген аймақ

- A) Көк-Мардан қаласының маңындағы аймақ
- B) Қауыншы мәдениетіне жататын аймақ
- C) Жетіасар мәдениетіне жататын аймақ
- D) Отырар-Қаратау мәдениетіне жататын аймақ
- E) Алтын-асар мәдениетіне жататын аймақ

64. Қаңлылар егіс алқаптарын суару үшін Шыршық өзенінің оң жағалауынан тартылған арық

- A) Ханарық
- B) Шаш
- C) Шан
- D) Илақ
- E) Зах

65. Қаңлылардың орналасқан аумағы арқылы Ұлы Жібек жолы өтті б.з. 3-4 ғасырларында табылған теңгелер саны

A) 1200

B) 1000

C) 1300

D) 1400

E) 1100

## *Мәнмәтіндік тапсырмалар*

### *2-мәнмәтін*

#### *Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма*

Венецияның күшеюі

Орта ғасырлардағы қала-мемлекеттердің ең қуаттысы Солтүстік-Шығыс Италиядағы Венеция болды. Ол Еуропа мен Шығыстың арасындағы сауданың ірі делдалдық орталығына айналып, XI-XII ғасырларда теңізде үстемдігін орнатқан бай мемлекет дәрежесіне жетті.



Венеция

66. Ұлы жазушы У. Шекспирдің шығармасындағы венециялық басты кейіпкер

- A) Гамлет
- B) Ромео
- C) Адонис
- D) Грациано
- E) Отелло

67. Венецияның қуаттылығы жағынан ең жоғары сатыға көтерілген кезі

- A) V-VI ғғ.
- B) XI-XII ғғ.
- C) VIII-IX ғғ.
- D) X-XI ғғ.
- E) XIV-XV ғғ.

68. XIII ғ. аяғынан бастап Венециядағы үкімет билігі бай көпестердің қолына көшті. Олар «үлкен кеңесті» сайлады. Кеңестің басында бүкіл өмір бойы сайланатын .....отырды.

- A) дож
- B) граф
- C) герцог
- D) виконт
- E) барон

69. Венецияның саяси және экономикалық құлдырауының басты себебі

- A) Испанияның Жерорта теңізіндегі саудадағы бәсекелестігі
- B) Венециядағы бай көпестердің арасындағы бақталас
- C) Генуя мен Венеция арасындағы саудадағы біріншілік үшін күрес
- D) ұзаққа созылған Венеция-түрік соғысы
- E) чомпилердің көтерілісі

70. Венецияның саудадағы басты бәсекелесі

- A) Тоскана
- B) Генуя
- C) Лозанно
- D) Парма
- E) Флоренция

**1-БЛОК бойынша тест аяқталды.**